Авторлық шарт № 10-04/17

Алматы қ. 01 қаңтар 2022 жылы

Бұдан әрі «Құқық иеленуші» деп аталатын, **Есембеков Багдат Пернебаевич-811129300390 Төрехан Ердәулет Дәуірханұлы 931007301706 Мұсабек Гүлсая Өмірзаққызы-941129400571 Ізбас Анаргүл Асқарқызы 950924450747**

Ли Виолетта Вячеславовна 950523400166 Дүйсебай Балауса Шахманқызы 900426402641 Калиев Досжан Сагидолдаевич 880705301607 Садвакасов Ильяс Маратович 890421300304 Омаров Нияз Бейбитович 810402300410 Шумбалов Азамат Ермекович 810316300285және бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын **ТОО " EduTest", БСН 170140026505**, бас директор **Рыдван Чам** тұлғасында екінші тараптан, бұдан әрі бірлесе «Тараптар» деп атала отырып, төмендегілер жөнінде осы шартты (бұдан әрі – «Шарт») жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Құқық иеленуші Пайдаланушыға,ғылыми туынды(құқық объектісі) түріндегі куәлік **2019 жылғы «31» мамыр № 3801 «Байқау сынағы 11 сынып ҰБТ-ны»** , осы Шартта көрсетілген көлемде авторлық құқық Объектісін уақытша пайдалануға құқықты табыстайды.

1.2. Осы Шарт бойынша Пайдаланушыға тапсырылған авторлық құқық Объектісін пайдалануға құқықтар айрықша болып табылады. Осындай құқықтар Құқық иеленушімен авторлық шарттар бойынша басқа тұлғаларға тапсырыла алмайды және Құқық иеленушінің өзімен жүзеге асырылмайды. Пайдаланушы басқа тұлғамен авторлық құқық Объектісін сәйкес пайдалануға тыйым салуға құқылы.

1.3. Осы Шарт бойынша Құқық иеленуші Пайдаланушыға авторлық құқық Объектісін кез келген нысанда және тәсілмен пайдалануға құқықты тапсырады.

1.4. Пайдаланушы авторлық құқық Объектісін аумақты шектеусіз пайдалануға құқылы.

1.5. Тапсырылуы осы Шартпен көзделген авторлық құқық Объектісін пайдалануға құқықтар Пайдаланушыға осы Шартты жасасу сәтінен бастап өтеді.

1.6. Осы Шарттың әрекет ету мерзімі оны жасасу сәтінен бастап 1 (бір) жылды құрайды.Авторлық құқық Объектісін пайдалануға құқық Пайдаланушыға осы Шарттың әрекет ету мерзіміне тапсырылады.

2. Тараптардың міндеттері

2.1.**Құқық иеленуші:**

2.1.1. осы Шартты жасасу сәтінде авторлық құқықтың сәйкес Объектісі Қазақстан Республикасында қорғалатынына;

2.1.2. осы Шартты жасасу сәтінде авторлық құқық Объектісіне сәйкес айрықша мүліктік құқықтар оған тиесілі екендігіне;

2.1.3. оған тиесілі авторлық құқық Объектісіне айрықша мүліктік құқықтар осы Шарттың әрекет ету мерзімі өткеннен ерте тоқтатылмайтындығына;

2.1.4. осы Шартты жасасу нәтижесінде авторлық құқық Объектісіне үшінші тұлғалардың құқықтары бұзылмағанына кепілдік береді.

2.2.**Пайдаланушының міндеттері:**

2.2.1. осы Шартпен көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде Құқық иеленушіге сыйақыны төлеу;

2.2.2. Құқық иеленушінің атын көрсетіп, авторлық құқық Объектісін жариялау, қайта жаңғырту және тарату;

2.2.3. авторлық құқық Объектісін пайдалануға алынған құқықтарды заңнамамен жол берілетін барлық әдістермен қорғауды жүзеге асыру;

2.3.**Пайдаланушының құқығы:**

2.3.1. осы Шарт бойынша алынған құқықтарды қосалқы лицензиялық шарт негізінде үшінші тұлғаларға толық немесе ішінара тапсыру. Осындай шарт осы Шарттың әрекет ету мерзімінен аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

3. Сыйақының мөлшері мен төленуі

3.1. Осы Шарт бойынша алынған авторлық құқық Объектісін пайдалануға құқықтар үшін Пайдаланушы Құқық иеленушіге әрбір басылып шығарылған құқық объектісі үшін, құқық объектісінің сатылым бағасынан 10 (он)% көлемінде сыйақыны құқық иеленушілеріне теңдей бөліп төлеуге міндетті. Сыйақы толеу мерзімі, құқық объектісі сатылғаннан кейін отыз күн ішінде төленуі тиіс.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікті тартады.

4.2. Құқық иеленуші осы Шарттың 2.1-тармағында көзделген кепілдіктерді бұзған жағдайда ол Пайдаланушыға осыдан туындаған нақты залалды, соның ішінде тұрақсыздық айыбының, айыппұлдардың, шығындардың сомаларын және Пайдаланушы үшінші тұлғаларға төлеген өзге де ұқсас ақша сомаларын өтеуі тиіс. Пайдаланушы, сондай-ақ, осы жағдайда сот тәртібінде осы Шартты бұзуды талап етуге құқылы.

4.3. Пайдаланушы өзінің ақшалай міндеттемелерін орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда ол Құқық иеленушіге мерзімді өткізіп алудың әрбір күні үшін мерзімі өтіп кеткен сомадан 0.1% мөлшеріндетұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

4.4. Айыппұл санкцияларын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

5. Құпиялылық

5.1. Тараптар осы Шартты орындау барысында алынған ақпаратты қатаң құпия сақтауға және алынған ақпаратты жарияланудан қорғау үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға міндеттенеді.

5.2. Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе осындай ақпаратты басқа да түрде жария ету осы Шарттың әрекетінің тоқтатылуы себебінен тәуелсіз тек басқа Тараптың жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

5.3. Ақпаратты жария етуге қатысты шектеулер жалпыға ортақ ақпаратқа немесе Тараптардың кінәсінсіз жалпыға белгілі болған ақпаратқа қатысты болмайды.

5.4. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратты талап ету құқығы бар субъектілерге ақпаратты берген жағдайда жауапкершілік тартпайды.

5.5. Ақпараттың құпиялығын сақтау бойынша міндеттеме осы Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде және оның әрекеті тоқтатылғаннан кейін 5(бес) жыл әрекет етеді.

6. Шартты бұзу

6.1. Құқық иеленуші заңнамамен көзделген жағдайларда сот тәртібінде осы Шартты бұзуды талап етуге құқылы.

6.2. Пайдаланушы Құқық иеленушіге осы Шартты бұзу сәтіне дейін 30(отыз) күн бұрын ол туралы хабарлап,кез келген уақытта осы Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы.

7. Қолданылатын құқық және дауларды шешу тәртібі

7.1. Осы Шарт бойынша Тараптардың ара-қатынасына Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

7.2. Туындаған даудың шешімін табу үшін сотқа жүгіну алдында осы Шарттың Тарабы келесі Тарапқа оған деген өзінің талаптарын көрсете отырып және аталған талаптарды ерікті қанағаттандыру ұсынысы мен ерікті қанағаттандыру мерзімін белгілеп, жазбаша наразылық жібереді. Аталған сотқа дейінгі тәртіп талапты қанағаттандырудан басқа Тараптың жазбаша бас тартуын алған сәтінен бастап немесе басқа Тараппен наразылық алынған сәтінен бастап 5 жұмыс күн ішінде наразылыққа жазбаша жауапты алмау кезінде, немесе басқа Тараппен наразылықта баяндалған талапты наразылықта көрсетілген мерзімде қанағаттанбауы кезінде сотқа жүгіну мақсаты үшін сақталған болып есептелінеді. Аталған сотқа дейінгі тәртіп өзінің сипаты жағынан басқа Тараптың оларды қанағаттандыру мүмкіндігін болжамайтын талаптарға қатысты таралмайды (келісімді жарамсыз деп тану туралы және т.б.).

7.3. Осы Шарттан немесе соған байланысты туындаған барлық даулар, талаптар, сонымен қатар Шарттың бұзылуы, тоқтатылуы немесе жарамсыздығына байланысты келіспеушіліктер «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Арбитраж орталығында, оның қолданыстағы Регламентіне сәйкес түпкілікті шешілуге жатады.

7.4. Осы Шарттан немесе соған байланысты туындаған барлық даулар, сонымен қатар Щарттың бұзылуы, тоқтатылуы немесе жарамсыздығына байланысты келіспеушіліктер және талаптар, төрелік талқылаудың нысанасы болып табылады.

7.5. Төрелік талқылау орны – Астана қаласы болып табылады.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Шарт, сонымен қатар оны өзгерту мен толықтыру туралы кез келген келісімдер екі Тараптың бірыңғай құжатқа қол қою жолымен жазбаша нысанда жасау шартымен ғана жарамды болады.

8.2. Тараптар банктік, пошталық, электронды және басқа да деректемелердегі барлық өзгерістері туралы бір-біріне олар ресми бекітілген сәттен бастап екі күнтізбелік күннен кеш емес уақыт ішінде хабарлауға міндетті. Олардың өзгеруі туралы хабарлама түскенге дейін Тараптардың ескі мекенжайлары мен шоттары бойынша жасалған барлық әрекеттері тиісті түрде жасалған болып есептеледі.

8.3. Тараптар Шартқа қол қойған сәтте келесі жағдайларды растайды:

- алдау, күш көрсету немесе қорқыту ықпалында болмағанын;

- Шарт жалған болып табылмайтынын және қулықпен жасалмағанын;

- азаматтық-құқықтық қатынастарға түсуге мүмкіндік беретін құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілікке ие болғандығын.

8.4. Шартқа қол қойылғаннан кейін алдын ала келіссөздер, қатынасхаттар, алдын ала жасалатын шарттар және Шартқа қалай болғанда да қатысты өзге де құжаттар күшін жояды.

8.5. Тараптар осы Шартты нотариалдық куәландырмау туралы келісімге келді.

8.6. Осы Шарт қазақ тілінде екі түпнұсқалы данада жасалған, олардың заңды күші бірдей болады және әр Тарапқа бір данадан беріледі.

9. Тараптардың деректемелері, заңды мекенжайлары және қолдары:

<u>Құқық иеленуші:</u>

Есембеков Багдат Пернебаевич _____
Төрехан Ердәулет Дәуірханұлы _____
Мұсабек Гүлсая Өмірзаққызы _____
Ізбас Анаргүл Асқарқызы _____
Ли Виолетта Вячеславовна _____
Дүйсебай Балауса Шахманқызы _____
Калиев Досжан Сагидолдаевич _____
Садвакасов Ильяс Маратович _____
Омаров Нияз Бейбитович _____
Шумбалов Азамат Ермекович _____

<u>Пайдаланушы:</u>

ТОО «EduTest»
Мекен жайы: Қазақстан,
Алматы қ, Микрорайон 4, 11 үй
БСН 170140026505
ИИК KZ066018771000854461
БИК HSBKKZKX
Банк АО «Народный Банк Казахстан»
КБЕ 17
Бас директор
Рыдван Чам
_____
(қолы)